

Әкімдіктің 2014 жылғы 6 наурыздағы № 539 "2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 шілдедегі № 1628 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 шілдеде № 4956 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 қазандағы № 2743 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 21.10.2014 № 2743 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап туындаған қатынастарға таратылады).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 6 наурыздағы № 539 "2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4592 тіркелген, 2014 жылғы 24 сәуірде "Наш Қостанай" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға 1 қосымша осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М. Ж. Қалиевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 01 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Әкім А. Ахметжанов
Қостанай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы
4 шілдедегі № 1628 қаулысына
№ 1 қосымша

Қостанай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы
 6 наурыздағы № 539 қаулысына
 № 1 қосымша

**Республикалық бюджет қаражаты есебінен
 қаржыландырылатын, 2014 жылға арналған Қостанай
 қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы
 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру
 тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру
 және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұ ата-аналарының бір айдағы те мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған шағын орталықтар		Мектепке дейінгі ұйымдар	Бөбекжай топтар (3 жасқа дейін)	Л д т ж д
		Толық күндік	Жарты күндік	Мектепке дейінгі ұйымдар	Толық күндік	Жарты күндік	Мектепке дейінгі ұйымдар	Толық күндік	Жарты күндік			
1	Қостанай қаласы	50		2305	12998		19998	9555		6720		7